

«Сейфуллин оқулары-14: Жастар, ғылым, инновациялар: цифрландыру – жаңа даму кезеңі» атты Республикалық ғылыми-теориялық = **Материалы** Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения-14: Молодежь, наука, инновации: цифровизация – новый этап развития». - 2018. - Т.1,Ч.4. - Б. 30-32

АЗЫҚ – ТҮЛІК БЕЛДЕУІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖАҒДАЙЫНДА КЛАСТЕРЛІК ЖҮЙЕНІ ДАМЫТУ

Абдалиева Г.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев 2008 жылғы халыққа арнаған Жолдауында елдің дамуындағы ауыл шаруашылығының маңыздылығын айта отырып, негізгі салада «азық-түліктік белдеуін қамтамасыз ету – мемлекет үшін өте маңызды міндеттердің бірі болып табылады» деп атап айтты. Осы міндеттерді жүзеге асыру қызметтер нарығын қалыптастырудың жүйесі негізінде аграрлы секторды материалдық-техникалық қамтамасыз етумен тығыз байланысты болып табылады [1].

К.Маркс “Ең өркениетті халықтар да және дамымай қалған елдер де басқа нәрсені ойламас бұрын, ең алдымен өздерін тамақпен қамтамасыз етуі тиіс” деген болатын.

Соңғы жылдары бүкіл әлем елдерінде табиғи-минералды шикізат ресурстарымен қатар, азық-түліктің де жетіспеушілігі сезіле түсті. Бұл дүниежүзіндегі адам санының өсу қарқынына әлемде өнірілетін азық-түлік өнімдері көлемінің сай келмеуімен түсіндіріледі. Мұндай жағдай бірінші кезекте, қолайсыз географиялық аймақта орналасқан даму деңгейі жөнінен артта қалған елдерге ауыр тиіп отыр. Жаһандық проблемалардың құрылымы және олардың иерархиялық тізбегі туралы пікірлер әрқилы, дегенмен ресейлік және отандық экономикалық әдебиетте келесі бес жаһандық проблемалар жиірек аталады: 1) ядролық соғысты болдырмау және қарусыздану; 2) қоршаған ортаны қорғау немесе экологиялық мәселе; 3) демографиялық жағдай; 4) шикізаттық немесе энергетикалық; 5) азық-түлік қауіпсіздігі мәселесі. Өз кезегінде, Қазақстан да әлемдік қоғамдастықтың бір мүшесі ретінде мұндай мәселелерден қалыс қала алмайды. Өмірлік маңызы бар азық-түлік тауарларының жетіспеушілігі мен олардың бағасының тым жоғары болуы халықтың әлеуметтік топтар мен таптарға жіктелуі, заңсыз көші-қон секілді жаһандық маңызы бар проблемаларды туындатады.

Азық-түлік қауіпсіздігін және өнім экспортының өсуін қамтамасыз ететін бәсекеге қабілетті агроөнеркәсіп кешенін құру, сондай-ақ, агроөнеркәсіп кешенінде, су, орман, аңшылық және балық шаруашылықтарында мемлекеттің саясатын тиімді қалыптастыру және іске асыру арқылы елдің табиғат ресурстарын сақтау және дамыту.

Жетілдіру және халықаралық талаптармен үйлестіру мақсатында тамақ қауіпсіздігі саласында ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдеу өнімдерінің негізгі түрлерінің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар бойынша техникалық регламент әзірленді және бекітілді.

Шығарылатын өнімдердің сапасын жақсарту және кәсіпорындарды халықаралық стандарттарға көшіру бойынша жұмыстар жалғасуда, қазіргі уақытта, ИСО және халықаралық стандарттарына негізделген сапа менеджмент жүйесін саланың 360 кәсіпорны енгізді, 84 кәсіпорын өндірісін сапа менеджменті жүйесін енгізуге әзірлеу және дайындау сатысында.

Қазіргі уақытта республиканың агроөнеркәсіп кешеніндегі (бұдан әрі – АӨК) жағдай өндіріс тиімділігінің өсуімен, ауылдағы қаржы қызметі нарығының дамуымен, ауыл халқының тұрмыс сапасының жақсаруымен сипатталады.

2013 жылы ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымы 1 442,6 млрд. теңгені құрады, бұл өткен жылмен салыстырғанда 11,7 %-ға төмен. Елдің ЖІӨ көлеміндегі ауыл шаруашылығы өндірісінің үлесі 4,4 %-ды құрады.

2013 жылы ауылдық жерлердегі жұмыссыздық деңгейі 5,2 % деңгейінде қалыптасты. Жыл сайын ауыл шаруашылығының негізгі капиталына инвестициялар ұлғаюда.

Өсімдік шаруашылығы саласында азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, экспортқа бағдарланған бәсекеге қабілетті өнімдердің өндірісін ұлғайту үшін құрылымдық және технологиялық әртараптандыруды, басымды ауыл шаруашылығы дақылдарының (бұдан әрі – ауыл шаруашылығы дақылдары) егістік алаңдарын кеңейтуді жүзеге асыру бойынша жұмыстар жалғасуда.

Сонымен, жалпы республика бойынша 2013 жылы ауыл шаруашылығы дақылдарының егістік алаңдары 21,4 млн. гектарды, дәнді және дәнді-бұршақ дақылдары – 16,6 млн. гектарды (2009 жылдың деңгейінен 582,0 мың гектарға кем) құрады, оның ішінде, бидай – 14,3 млн. гектар алаңға егілген, бұл, өткен жылдың деңгейінен 483,1 мың гектарға кем, астыққа арналған жүгері – тиісінше 97,4 мың гектарға егілген және 4,2 мың гектарға кем. Күріш 94,1 мың гектарға егілген, 2009 жылмен салыстырғанда 7,5 мың гектарға артық.

Майлы дақылдар 1749,5 мың гектар алаңға (2009 жылдың деңгейінен 564,1 мың гектарға артық), күнбағыс – тиісінше 870,1 мың гектар (147,9 мың гектар), қытай бұршақ – 61,8 мың гектар (8,8 мың гектар), рапс – 352,9 мың гектар (157,8 мың гектар), мақсары – 201,7 мың гектар (49,8 мың гектар) алаңға егілді.

Көкөніс және бақша дақылдарының егістік алаңы 183,8 мың гектарды (2009 жылдың деңгейінен 18,3 мың гектарға артық), картоп – тиісінше 179,8 мың гектарды, (7,6 мың гектар), жеміс-жидек дақылдары – 41,2 мың гектарды (4,0 мың гектар), жүзім – 12,8 мың гектар (0,8 мың гектар) құрады.

2010 жылдың құрғақ ауа райы жағдайы ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің өсуі мен дамуына, дәнді және басқа да дақылдардың өнімділік көрсеткіштеріне қолайсыз әсерін тигізді.

Қазақстан Республикасы статистика агенттігінің деректері бойынша дәнді дақылдар 15,2 млн. гектар алаңнан жиналды, 8,0 ц/га өнімділік кезінде өңдеуден кейінгі салмақта 12,2 млн. тонна астық жиналды. Астықтың көрсетілген көлемі өткен жылдар өнімдерінің қалдықтарын есептегенде елдің ішкі қажеттілігін қамтамасыз етуге және экспорттық әлеуетті 6,0 млн.тоннаға дейін жеткізуге жеткілікті. Қытай мен Үндістанда және әлемнің басқа да елдеріндегі азық-түлікке сұраныстың кенеттен өсуі; әлемдік астық қорының соңғы 30 жылда өте төмен деңгейге түсуі; әлемдік нарықта мұнай бағасының өсуі салдарынан энергоресурстарды сатып алуға мемлекет табыстарының бір бөлігін жұмсау; протекционизм саясатының негізінде «көршіні бағындыру» қағидасы бойынша «күріш белдеуі» елдерінің азық-түліктік соғысы; бірқатар елдердің бидай, күріш, картоп, соя, қант құрағы мен пальма майын биоотын өндіру үшін қолдануы және т.б. өрескел әлеуметтік-экономикалық қателіктер болып табылады.

Елорданың айналасындағы азық-түлік белдеуінің шекарасында тағам өнімдерін өндіру және өңдеу бойынша 916 кәсіпорын жұмыс істейді. 2016 жылы азық-түлік белдеуі аймағынан 285 250 тонна азық-түлік жеткізілді, бұл 2015 жылғы көлемнен 88%-ға көп. Өткен жыл ішінде Астанада 110 жәрмеңке өткізілді, онда 12 мың тоннадан аса өнім сатылды, бұл алдыңғы жылдағы көрсеткіштен екі есе көп. Жеміс және көкөніс өнімдері Ақмола және Қарағанды облыстарынан және республиканың басқа аймақтарынан, жақын және алыс шетелдерден жеткізіледі.

Қазір Астанада қуаты жылына 1800 тонна болатын жалғыз жылыжай жұмыс істейді, бірақ болашақта олардың саны артатын болады. «АстанаЭкоСтандарт» ЖШС жылыжай кешені – интеллектуалдық басқару жүйелерін қолдану арқылы бірегей технологиямен құрылған жоба. Бұл жерде көкөніс өнімдерін өсіру үшін қажет табиғи микроклимат жыл бойы сақталып тұрады: үш гектар ауданда қызанақ пен қиярдың түрлі сорттары.

Болашақта елдің алға қойған міндеттерді жүзеге асыру мақсатында бірнеше бағыт түрлерін қарастыруға болады:

- ішкі нарықтағы халықтың тұтынуы бойынша негізгі азық-түлік өнімдері түрлерімен толық көлемде қанағаттандыру;
- азық-түлік өнімдерін өндірушілердің жоғары көлемде және сапалы тауар өндіруге және қызығушылығын арттыру мақсатында қызмет атқаруға мүмкіндіктер қатарын кеңейту;
- ауылшаруашылығы саласында азық-түлік белдеуін қалыптастыру және оның барлық аймақтардағы қызметтерін нығайтып, дамыту.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына 2009 жылғы жолдауы.

2. Белкин, В.Н. Повышение экономической и социальной эффективности труда (Методологический аспект) / В.Н. Белкин. – М.: Экономика, 1990. –216б.

3. Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіп кешенін дамытудың 2013-2014 жылға арналған «Агробизнес-2020» бағдарламасы.

4. <http://erkindik.kz/s-t-nerk-sibi/>

5. <http://astana.gov.kz>

6. Boxall, P.F. The Strategic HRM Debate and the Resource – Based View of the Firm / R.F.Boxall // Human Resource Management Journal.-1996.-Vol.6.-№3.- Pp.59-75